

"Жеке сот орындаушыларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 181 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 маусымдағы № 822 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 239 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.03.2013 № 239 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жеке сот орындаушыларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 181 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 21, 268-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген жеке сот орындаушыларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарында:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «4) жеке сот орындаушысында үздіксіз тағылымдамадан өтуі»;

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «4) кемінде он жыл жұмыс өтілі бар құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қолданылмайды».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*